Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы бұйындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы бұйындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы бұйындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің бұйындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзіндік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Мейлінше жоғары сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

Сақтау және тасымалдау барысындағы температура: -20 °C-ден +60 °C дейін.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні




Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келуі себебі болуы мүмкін.



Ескертпе
Ыстық беттермен түйісулер күйлер мен ауыр дене жарақаттарына алып келуі мүмкін.



Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.




Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Атаулы нұсқаулық CRE сорғыларының негізіндегі Hydro Solo-E қысым арттыратын қондырғыларына таратылады.

Модельді қатары келесі сипаттамалармен шектеледі:




1-сур. Жұмыс диапазоны

Hydro Solo-E қондырғысы CRE сериялы тік көп сатылы сорғыларды және тот баспайтын болаттан жасалған қысымды құбыр желісінде орнатылған қысымды мембраналық бакты қарастырады (EN/DIN 1.4401 немесе EN/DIN 1.4571).

Қондырғының құрамына және де келесілер кіреді:

- жұмыс режимін баптау үшін қысым датчигі;
- манометр;
- кері клапан;
- ысырмалар (қысымды жағында және қысымды бакқа кірер тұста);
- ажыратқыш (Қосу/Ажыр.)

Hydro Solo-E қондырғысының құрылымы 2-сур. көрсетілген.




TM02 7562 3803

2-сур. Hydro Solo-E

Айқ.	Атауы	Саны
1	CRE сорғысы	1
2	Қысымды бак	1
3	Манометр	1
4	Ысырмалар (қысымды жағында және қысымды бакқа кірер тұста)	1
5	Ысырма	1
6	Қысымды құбыр желісі (тот баспайтын болат)	1
7	Қысымды датчик	1
8	Кері клапан	1
9	Ажыратқыш (Қосу/Ажыр.)	1
10	Сорғының фирмалық тақтасы	1

Hydro Solo-E қондырғысының түбегейлік кестесі 3-суретте көрсетілген.




TM00 8427 2709

3-сур. Hydro Solo-E қондырғысының түбегейлік кестесі

Фирмалық тақтасы

Hydro Solo-E фирмалық тақтасы тіреуішке бекітілген.



TM06 1418 2414

4-сур. Фирмалық тақтасы

Айқ.	Атауы
1	типтік белгілері
2	моделдің шартты белгіленуі (мысалы, A96645271 - өнімнің сегіз таңбалы нөмірі, P2 - Ресей Грундфос зауытының белгісі, 14 - дайындау жылы, 18 - дайындау аптасы)
3	сериялық нөмірі
4	қорек кернеуі, В, және ток жиілігі, Гц
5	мейлінше жоғары жұмыс қысымы, бар
6	айдап қотару орта температурасы, °С
7	мейлінше жоғары шығын, м³/сағ
8	мейлінше төмен тегеурін, м
9	сорғылар саны, дана
10	сорғылар қуаты, кВт
11	желілік кернеуі, В
12	тапсырыстың нөмірі
13	опциялар құрылымы
14	қорғаныш дәрежесі
15	жалпы салмағы
16	нарықтағы айналым белгілері
17	дайындаушы ел
18	техникалық талаптар белгілері
19	компания логотипі

Шартты типтік белгіленуі

Мысалы: **Hydro Solo-E CRE 5-9**

Типтік қатар	
Тобы	
Сорғы түрі	

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық Сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе
Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.

Назар аударыңыз

Жабдықты қорек кабелінен ұстап көтеруге тыйым салынады.

6. Қолданылу аясы


Hydro Solo-E қондырғысы суды айдау үшін және үлкен емес көп пәтерлі үйлерде, коттеждерде, қонақ үйлерде және т.б. - суды көп тұтанбайтын жерлерде қысымды арттыру үшін қарастырылған.

7. Қолданылу қағидаты

Қондырғы автоматты түрде жүйе талаптарына, яғни қысым датчигінің талаптарына сәйкес жұмыс істейді.

Hydro Solo-E қосылып тұрған сорғының айналу жиілігін реттеу арқылы тұрақты қысымды ұстап тұрады.

Шүмекті ашқан кезде бак толығымен босағанға дейін су кеңейтімелі бактан ағып келеді (сур. мысалды қар.). Қысым іске қосу мәніне дейін түскенде, CRE сорғысы іске қосылады. Су тұтыну көбеюі жалғасса, сорғының өнімділігі айналу жиілігін реттеу арқылы ұлғаяды.



5-сур. Мембраналық қысым бағы

Егер су тұтыну азайса, қысым датчигінің көрсетуі арқылы сорғының өнімділігі түседі, тіпті ажыратылуға дейін.

8. Құрастыру

8.1 Пайдалану орнында құрастыру

Қысым арттыру қондырғысын іске қосу және құрастыру жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.

Қысым арттыру қондырғысы жақсы желдетілген бөлмеде орнатылуы керек. Бұл сорғы электрқозғалтқышының жеткілікті салқындатылуы үшін қарастырылған.

8.2 Құбыр желісіне қосылу

Сорғыдағы нұсқарлар сорғы арқылы сұйықтық жылыстауының бағытын көрсетеді.

Қосылған құбыр желісінің параметрлері дұрыс таңдалып алынған деген болжам бар.

Бұйымды құрастыру жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide).

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.

Жұмыс кернеуінің және ток жиілігінің мәндері фирмалық тақташада белгіленген номиналды деректерге сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз.

Ескертпе

Клеммалық қорапшасында немесе электр шкафында жалғаныс орнатпас бұрын қуат көзі тоғын алдын ала ажырату керек (кем дегенде 5 минут бұрын). Электр қуат көзінің байқаусызда қосылып кетуін болдырмаңыз.

Бұйым сыртқы көпполюсті желілі ажыратқышқа жергілікті нормалар ережелерге сәйкес қосылуы керек. Бұйым жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жерге тұйықталып және тікелей емес контактан қорғалуы тиіс. Стационарлы қондырғыны токтан жерге қорғаныспен қамтамасыз ету керек (УЗО), ажырату тогы < 30 МА. Электр қуат көзі кабелі зақымданған болса, ол өндірушімен, өндірушінің сервис орталығымен немесе білікті маманмен ауыстырылуы керек.

Ескертпе

Клеммалық қорапшасында немесе электр шкафында ұлғайту модулін орнатпас бұрын немесе ақаулықтың себебін іздер алдында қуат көзі тоғын алдын ала ажырату керек (кем дегенде 5 минут бұрын). Электр қуат көзінің байқаусызда қосылып кетуін болдырмаңыз.

MGE электрқозғалтқыштардың электронды блоктарының клеммасында оқшаулау кедергісін өлшеуге тыйым салынады, себебі кіріктірілген электроника зақымдануы мүмкін.



Назар аударыңыз

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

Қондырғы іске қосуға дайын күйінде жеткізіледі.

Қондырғыны пайдалануға беру келесі жолдармен жүзеге асады:


1. Тапсырыс көлеміне және жеке тораптар мен бөлшектерінің зақымдануының болмауына сәйкес тексеру.
2. Су беру желісін іске қосу. Электр желісіне қосылу. Сымдардың/кабельдердің/құбырлардың көлденең қимасын жобалар ерекшеліктері құжаттамасына сәйкестігіне тексеру керек.
3. Сорғыны құюды жасаңыз (10.1 Гидрожүйені құю қар.)
4. Сорғыны CRE сорғысының жиілік түрлендіргішінің беткі жағындағы басқару панелі арқылы іске қосыңыз. Сорғы ішінен ауаны шығарып, сорғылардың қысымды желісіндегі ысырмасын ақырын жабыңыз. Осылайша қондырғыдағы ауа шығарылды.

10.1 Гидрожүйені құю

Пайдалануға беру алдында гидрожүйе сумен толтырылуы керек.

Тұйықталған гидрожүйелерде немесе сорғының сорғыш келте құбырының деңгейінен су деңгейі жоғарырақ болған ашық гидрожүйелерде:

1. Ауа айдалатын жағындағы ысырманы жабу керек.
2. Сорғының жоғарғы бетіндегі құю көмейіндегі бұрандалы тығынды (айқ. 1) бұрап шығару керек. 6-сур. қар.
3. Құю көмейінен су түзу аққанша гидрожүйедегі сорғыш сызығындағы ысырманы ақырынын ашу керек.
4. Құю көмейіндегі бұрандалы тығынды орнатып, мықты бекіту керек.
5. Ысырманы (ысырмаларды) толығымен ашу керек.



6-сур. Сорғының құю саңылауы

TM02 6431 0603

Айқ.	Атауы
1	Құю көмейінің тығыны
2	Ағызатын саңылаудың тығыны
3	Ағызатын саңылаудың тығыны/айналма клапаны

Сорғының сорғыш келте құбырының деңгейінен сұйықтық деңгейі төменірек болған ашық гидрожүйелерде:

1. Ауа айдалатын жағындағы ысырманы жабу керек.
2. Айналма клапанының (3 айқ.) кішкентай бұрандасын босатып, оны тоқтатқыш құрылғыдан тіреуге дейін шығару керек. 6-сур. қар.
3. Сорғының жоғарғы бетіндегі құю көмейіндегі бұрандалы тығынды (айқ. 1) бұрап шығару керек.
4. Құю саңылауы арқылы (қажет болса құйғышты қолданыңыз) сорғыш сызығын да сорғыны да толтыратындай мөлшерде сұйықтық құйыңыз.

5. Қайтадан айналма клапанының бұрандасын тарту керек.
6. Құю көмейіндегі бұрандалы тығынды орнатып, мықты бекіту керек.
7. Ысырманы (ысырмаларды) толығымен ашу керек.

Назар аударыңыз

Пайдаланып болғаннан кейін сорғының қосылып кетуін болдырмау шараларын қарастырыңыз.

Бұйымды пайдалануға беру жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide).


11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген



Ескертпе

Бұйым қызуы мүмкін, күйіп қалмас үшін тек қана оның батырмаларына ғана қол тигізуге болады.



7-сур. Стандартты басқару панелі

Айқ.	Белгіленуі	Атауы
1		Grundfos Eye Сорғының жұмыс күйін көрсету.
2	—	Орнатылған мәнді көрсетуге арналған жарықпен индикация өрісі.
3		Орнатылған мәнді өзгерту.
4		Радиобайланысты Grundfos GO Remote және басқа ұқсас түрлі өнім арқылы белсендіру.
5		Қолмен іске қосу және ажырату мүмкіндігі. Іске қосу: Сорғы өшірулі кезде батырманы басса, сорғы іске қосылады, бірақ тек қана басқа бұдан да маңызы жоғары функциялар қосылмаса ғана. Ажырат: Сорғы жұмыс істеп жатқан уақытта осы батырманы басса, ол ажыратылады. Осы батырма арқылы сорғыны өшірген кезде, оның қасында «Стоп» белгісі жанады.

TM05 4848 3512

11.1 Орнатылған мәнді баптау

Назар аударыңыз *Орнатылған мән сорғыны қамтамасыз ететін қысымнан жоғары болмауы керек.*

Сорғының жұмыс жасау параметрлерінің қажет мөнін ☺ немесе ☹ батырманы басу арқылы баптауға болады.

Басқару панеліндегі жарық түсті индикация өрістері қандай орнатылған мән қойылғандығын көрсетеді.

8-суретте көрсетілгендей, мейлінше жоғары орнатылған мән 10 бар құрайды.

Бірақ, Hydro Solo-E, қондырғыларының барлығы 10 бар қысым бере алмайды. Бұл орнатылған мән сорғыны қамтамасыз ететін қысымнан жоғары болмауы тиіс екендігін білдіреді.


Мейлінше жоғары орнатылған мәнді келесі жолмен есептеуге болады:

$$SP_{\text{м.ж.}} \leq H_{\text{м.ж.}} \times 0,1 + p_{\text{енг}}$$

$SP_{\text{м.ж.}}$ = мейлінше жоғары орнатылған мән, бар

$H_{\text{м.ж.}}$ = мейлінше жоғары тегеурін, м (сорғының фирмалық тақташасын қар.)

$p_{\text{енг}}$ = кірістегі қысым, бар.



TM05 7678 1413

8-сур. Орнатылған мән - 5 бар, тұрақты қысым арқылы басқару режимі

Бұйымды пайдалануға және баптау жөнінде қосымша ақпаратты Қысқаша нұсқаулықтан ала аласыз (Quick Guide).

11.2 Сорғыны қосу/ажыр.

☺ батырмасы арқылы немесе қажет орнатылған мән шықпайынша ☹, батырманы басу арқылы сорғыны қосыңыз.

☹ батырманы басу арқылы сорғыны тоқтатыңыз. Сорғы тоқтағаннан кейін, батырманың қасында «Стоп» белгісі жанады. Солай да, барлық түсті өрістер жанып бітпейінше ☹ батырманы басу арқылы сорғыны тоқтатуға болады.

☺ батырма арқылы сорғыны тоқтатқан жағдайда, оны іске қосу тек қана осы батырманы қайта басу арқылы іске асады ☹.

☹ батырма арқылы сорғыны тоқтатқан жағдайда, оны қайта қосу тек қана осы батырманы қайта басу арқылы іске асады ☺.

11.3 Ақаулық индикацияларының тасталуы

Ақаулық индикацияларының тасталуы келесі жолдардың біреуі арқылы іске асады:

- Сорғыдағы ☹ немесе ☹ батырмасын қысқа мерзімді басу арқылы. Бұл сорғының баптауларына еш септігін тигізбейді. Егер батырмалар бұғатталған болса, онда ақаулық сигналдарының тасталуын ☹ немесе ☹ батырмасын басу арқылы жүзеге асыра алмайсыз.
- Электр желісін өшіріп, түсті индикаторлар өшіп қалғанша күтіңіз.
- Grundfos GO Remote көмегімен.

11.4 «Құрғақ» жүрістен қорғаныс

«Құрғақ» жүрістен кейінгі қорғаныс және қайта іске қосу 1 Қосымшаға сәйкес іске асады. Қорғаныс құрылымдары (қысым релесі немесе қалтқылар) жеткізілім құрамына кірмейді.

12. Техникалық қызмет көрсету

Қондырғының техникалық қызмет көрсетуі электрикалық кабельдің және жиілік түрлендіргіштің бүтіндігін үш айда бір рет тексеруін қарастыру қажет. Сонымен қатар сорғының/ сорғылардың кіріс және шығыс келте құбырларының жалғануының тұтастығын, гидравликалық бактың жалғануының тұтастығын тексеріп тұру қажет.

13. Істен шығару

Hydro Solo-E қондырғысын істен шығару негізгі ажыратқышты ток көзінен айыру арқылы (толық ажырату) немесе CRE сорғысының беткі панеліндегі сорғыны ажырату батырмасын басу арқылы (жартылай ажырату) іске асады. Қуат көзінен айырғаннан кейін жүйедегі сұйықтық ағынын орнатылымға дейін және орнатылымнан кейін, әрі қарай гидрожүйедегі сұйықтықты ағызу арқылы бекіту керек. Осыдан кейін қондырғы демонтаждала алады.

14. Техникалық сипаттамалар


Нақты қондырғының сипаттамаларын фирмалық тақташасынан қар.

Мейлінше жоғары қысым	142 м
Мейлінше жоғары беру	70,5 м³/сағ
Мейлінше жоғары жұмыс қысымы	PN10/16
Мембраналық қысым бағындағы тіреуіш (зауыттық баптау)	0,7 мейлінше жоғары сорғы қысымынан
Қоршаған орта температурасы	0 ден + 40 °С дейін
Айдап қотарылатын сұйықтықтың температурасы	+5 тен + 60 °С дейін
Дыбыс қысымының мейлінше жоғары деңгейі көп емес	50 дБ(А)
Қорғаныс дәрежесі	IP54
Мембраналық бактың көлемі	12, 18 л



Ескертпе
Ыстық сұйықтықтарын айдап қотару барысында ыстық беттермен персоналдардың түйісу мүмкіндігін болдырмаған жөн.

Тіреуіштің мейлінше төмен қысымы



TM02 0118 3800

9-сур. Тіреуіштің мейлінше төмен қысымын есептеуге арналған параметрлер

Тіреуіштің мейлінше төмен қысымы «Н» метрдегі сұйықтық, сорғыдағы кавитация болдырмау үшін керек мән былай есептеледі.

$$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$$

p_b = Атмосфералық қысым бар мәні бойынша. (Атмосфералық қысым 1 барға тең бола алады). Жабьқ жүйелерде p_b мәні жүйедегі қысым бар бойынша белгіленеді.

NPSH = Сорғыш келте құбыр астындағы сұйықтық тіреуінің ұзындығы, су тіреуі метрде. (NPSH қисығы арқылы сорғының Төлқұжат, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығында есептеледі)

H_f = Дара сорғының мейлінше жоғары беру кезіндегі сорғыш магистраліндегі үйкеуге кеткен ысырап, метрмен есептеледі.

Ескертпе: Егер сорғыны сору жағында кері клапан орнатылса, клапанға ысырап қосу керек. Өндірушінің құжаттамасын қар.

H_v = Қаныққан бу қысымы.

t_m = Жұмыс сұйықтығының температурасы.

H_s = запас коэффициенті, ең төмен дегенде 0,5 ке тең.

Есептелген тегеуріннің оң мәнінде «Н», сорғы мейлінше жоғары сору ұзындығында жұмыс істей алады «Н» метрде.

Егер есептелген мән «Н» теріс болса, тіреуіштің ең төмен қысымы қажет, жұмыс барысында «Н» м тең.

Мейлінше жоғары кіріс қысымы және жүйедегі қысым

Мейлінше жоғары қысым (бар)	Кіріс			Жүйелер	
	4	8	10	10	16
CRE 1-4, 1-9			•	•	
CRE 1-13, 1-17			•		•
CRE 3-4, 3-8, 3-11			•	•	
CRE 3-11, 3-15			•		•
CRE 5-2, 5-5, 5-9			•	•	
CRE 5-12			•		•
CRE 10-1, 10-3		•		•	
CRE 10-5			•	•	
CRE 15-2		•		•	
CRE 15-3, 15-4			•	•	
CRE 20-2, 20-3			•	•	
CRE 32-2-2	•			•	
CRE 45-1	•			•	


Құрастыру биіктігі

Назар аударыңыз

Қозғалтқышты теңіз деңгейінен 2000 метрден жоғары жердегі биіктікте орнатуға тыйым салынады.

Құрастыру биіктігі - теңіз деңгейі нүктесінің биіктігіндегі құрастыру.

- Теңіз деңгейінен 1000 метр биіктікте орнатылатын электрқозғалтқыштар 100 % жүктемемен жұмыс жасай алады.
- Теңіз деңгейінен 1000 метрден асатын биіктікте электрқозғалтқышын орнату барысында, толық жүктеме салудың қажеті жоқ. Бұл ауа тығыздығының төмендігіне және соның салдарынан салқындату қабілетінің нашарлауына байланысты. 10-сур. қар.



TM05 6400 4712

10-сур. Электрқозғалтқыштың теңіз деңгейінің биіктігіне байланысты өндірілу қуаттылығының (P2) төмендеуі.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

**Ескертпе**

Жұмыс жасамас бұрын барлық қорек көзі желілерін қуат көзі тоғынан ажырату керек. Электр қуат көзінің кездейсоқ қосылып кету мүмкіндігін болдырмаңыз.

Ақаулық	Grundfos Eye	Мүмкін болатын себебі	Ақаулықтарды жою
1. Сорғы жұмыс істемейді.	Индикаторлар жанбайды.	a) Электр қуат көзі жоқ.	Қорек көзін қосу. Кабельдерді және кабельді жалғауларды зақымдануға және жалғану беріктігіне тексеру.
		b) Тежегіштер күйіп кеткен.	Кабельдерді және кабельді жалғауларды зақымдануға тексеру және тежегіштерді ауыстыру.
		c) Датчик істемейді.	Датчикті ауыстыру.
2. Сорғының тұрақсыз өндірімділігі.	Ақаулық индикаторлары жанбайды.	a) Сорғыға кірудегі өте төмен қысым.	Сорғыға кірістегі жағдайды тексеру.
		b) Сорғыш құбыр желісі жартылай балшықпен бітелген.	Балшықты тазалап және сорғыш желіні жуу.
		c) Сорғыш құбыр желісінің ашылуы.	Сорғыш құбыр желісінде қажет жөндеу жұмыстарын жүргізу.
		d) Сорғы арқылы не сорғыш құбыр желісі арқылы ауаны сору.	Сорғыш құбыр желісінен не сорғыдан ауаны шығару. Сорғыға кірудегі жағдайды тексеру.
		e) Сорғының кері не қабылдау клапаны жабық күйінде блокталған.	Клапанды шешу, жуу, жөндеу немесе ауыстыру.
3. Ажыратылғаннан кейін сорғы кері бағытта айналады.	Индикаторлар жанбайды немесе жасыл индикаторлар біліктің кері айналымын көрсетеді.	a) Сорғыш құбыр желісінің ашылуы.	Сорғыш құбыр желісінде қажет жөндеу жұмыстарын жүргізу.
		b) Сорғының кері не қабылдау клапаны ақаулы.	Клапанды шешу, жуу, жөндеу немесе ауыстыру.
		c) Сорғының кері не қабылдау клапаны ашық не жартылай ашық күйінде блокталған.	Клапанды шешу, жуу, жөндеу немесе ауыстыру.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

«GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақтасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское е/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:



Грундфос Қазақстан ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.



Приложение 1.

Автоматический перезапуск





TM02 2560 4003



Ручной перезапуск



TM02 2561 4003



TM02 2589 4003



TM02 2590 4003

RU

Установки повышения давления Hydro Solo-E, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638, срок действия до 26.03.2019 г.

Установки повышения давления Hydro Solo-E изготовлены в соответствии с ТУ 3631-002-59379130-2005.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.



Установки повышения давления Hydro Solo-E сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172, срок действия до 08.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.



Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

Ресейде жасалған Hydro Solo-E қысым арттыру қондырғысы «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638 жарамдылық мерзімі 26.03.2019 жылға дейін.

Hydro Solo-E қысым арттыру қондырғысы 3631-002-59379130-2005 ТТ-на сәйкес дайындалды.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Hydro Solo-E қысым арттыру қондырғысы Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011), техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172 жарамдылық мерзімі 08.12.2019 жылға дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Қыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98995927 1015
ECM: 1167264